

## **БІЛІМ САПАСЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ АГЕНТТІГІ**



Бекітілген

## БСБРА Бас директоры

Сманкулова Ж.Е.  
10 09 2024 ж.



# **СЫРТҚЫ САРАПШЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

2024 ж.

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже Білім беру үйымдары мен бағдарламаларын аккредиттеу рәсімдері саласындағы Білім сапасын бақылау және рейтинг агенттігінің (БСБРА) сыртқы сарапшыларына қойылатын негізгі біліктілік талаптарын белгілейді.

1.2. Ереже жеке тұлғага сарапшы мәртебесін беру, оны ұзарту немесе тоқтату тәртібін, сондай-ақ сарапшылардың дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын айқындайды. Бұдан басқа, ереже аккредиттеу шенберінде сыртқы бағалау жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу рәсімін және оларды осы процеске тартуды регламенттейді.

1.3. БСБРА құпиялылық қағидатын ұстанады. Агенттік алатын барлық ақпарат пен құжаттама құпия сипатта болады және нысаналы мақсатқа сәйкес ғана пайдаланылады.

## **2. Сарапшыларға қойылатын біліктілік талаптары**

2.1. Сараптама комиссиясы сала өкілдерін тарта отырып, аккредиттеумен қамтылатын саладағы білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау саласында терең білімі бар аудитор-сарапшылардан құрылады.

2.2. БСБРА сарапшыларының бірі болып комиссия төрағасы тағайындалады, ол оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады: ресми турде баруға жауап береді, аудит барысында сарапшылардың жұмысын үйлестіреді және комиссияның есептік материалдарын дайындауды қамтамасыз етеді.

2.3. Сараптама комиссиясының мүшелері Әдеп кодексін мултіксіз сактауға және БСБРА-ның қоғамдық және кәсіби аккредитациясының қағидаттарымен бөлісуге міндетті.

2.4. Сараптама комиссиясына қойылатын талаптар:

2.4.1. Сарапшылар аккредиттеуден өтіп жатқан білім беру үйымы мен БСБРА-ның өзі алдында жауапты.

2.4.2 Сараптама комиссиясының мүшелері келесі аспектілерге сапалық және қажет болған жағдайда сандық бағалау жүргізеді деп күтілуде:

- Білім беру үйымының миссиясы;
- Білім беру бағдарламасының мақсаттары және олардың тұтынушылардың қажеттіліктеріне және білім беру үйымының миссиясына сәйкестігі;
- Білім беру бағдарламасының мақсатына жету әдістері мен олардың тиімділігін бағалау әдістерінің сәйкестігі;
- Білім беру бағдарламаларын іске асырудың түрақты мониторингі жүйелері және олардың тиімділігін арттыру механизмдері;
- БСБРА критерийлеріне сәйкес келетін интеграцияланған жүйе.
- 2.5 Сарапшы міндетті:
- Білім беру бағдарламасын бағалау үшін қажетті құзыреттілікке ие болуға;
- Мамандандырылған семинар мектептерінде білім алу немесе бақылаушы ретінде білім беру бағдарламаларының аудитіне қатысуға.

- 2.6 Сараптама комиссиясы төрағасының сарапшы ретінде білім беру бағдарламаларына екі реттен кем емес аудит жүргізу тәжірибесі болуы керек.
- 2.7 Сала өкілінің өз мамандығы бойынша басшы лауазымда кемінде үш жыл тәжірибесі болуы керек.